

«Қазақстан заңгерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің жұмысы туралы ақпарат

«Қазақстан заңгерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі Қазақстан Республикасы Президентінің қолдауымен **2012** жылдың мамыр айында заңгерлердің құрылтай съезінде құрылған болатын. Одақ құрылған сәттен бастап қоғам мен мемлекет арасындағы байланыстырушы миссияны жүзеге асырып келеді – мемлекетке елдегі қолданыстағы құқық туралы, ал қоғамға мемлекет жүргізіп отырған құқықтық саясат туралы қоғамдық пікірді объективті түрде білдіруде.

«Қазақстан заңгерлер одағы» РҚБ-ның Қазақстанның барлық аумағында аймақтық филиалдары құрылған әрі заңгер-ғалымдардың және құқық саласының тәжірибелі мамандарының зияткерлік-кәсіби мүмкіндіктері бар, өз қатарында халыққа заңгерлік көмек көрсетумен айналысатын үкіметтік емес ұйымдарды, заңгерлер мен сот, құқық қорғау органдарының ардагерлерін, адвокаттар мен әділет органдарының қызметкерлерін біріктіреді.

Қазіргі уақытта одақ құрамында **20 000**-нан астам мүше бар, оның ішінде Республикалық нотариаттық палата, Қазақстан Республикасының Судьялар одағы, «Қазақстан прокурорларының қауымдастығы» РҚБ, Республикалық жеке сот орындаушыларының палатасы корпоративтік мүшелері болып табылады.

2017 жылдың қазан айында одақ өзінің жарғылық әлеуметтік жауапкершілік қағидатын іске асыра отырып, қазақстандық азаматтарға ауқымды, өтеусіз, қолжетімді заң көмегі жүйесін құру жөніндегі, шетелде «pro bono» тәжірибесі ретінде танымал жаңа пилоттық жобаны ұсынған болатын. «Қазақстан заңгерлер одағы» осындай жүйені құру және жұмыс істеуі үшін Қазақстанның барлық заң қоғамдастығына арнайы меморандум жолдады.

Жобаға «Нұр Отан» партиясы белсенді түрде қолдау білдірді. 2017 жылғы 26 желтоқсанда «Қазақстан заңгерлер одағы» РҚБ мен «Нұр Отан» саяси партиясы 2014 жылғы 19 қарашадағы азаматтарға құқықтық өтеусіз көмек көрсету жөніндегі ынтымақтастық туралы Меморандумға Қосымша келісімге қол қойды. Осылайша, жоба Нұр-Сұлтан қаласы мен аймақтарда қоғамдық қабылдау бөлмелерін берген «Нұр Отан» саяси партиясымен бірлесіп жүзеге аса бастады.

Білікті құқықтық көмек көрсетудің бұл шараларымен барлық қазақстандықтар, әсіресе табысы аз адамдар қамтылды, ол қазіргі экономикалық қиындықтар кезінде маңызды әрі дер кезінде қолға алынып

отыр. Көмек жеке заңгерлердің, сондай-ақ заңды бірлестіктердің, фирмалардың, адвокаттық алқалардың, жоғары құқықтық оқу орындарының және ғылыми мекемелердің ерікті күштерімен жүзеге асады. Бұл маңызды іске мемлекеттік құрылымдар да қатысуға шақырылды.

Бұл жоба екінші жыл бойы өз жұмысын жалғастырып келеді және «Заңгерлік көмек» деп аталады.

2019 жылдың 12 (он екі) айының қорытындысында жобаны іске асыру тәжірибесі бойынша:

– «Nur Otan» партиясының қабылдау бөлмелеріндегі кезекшілік саны - **2 658**;

– **6 242** азамат заң кеңесін алды;

– оның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтарына жататындар – **3 112 (50%)** азаматтар;

– әзірленген талап-арыздар/өтініштер - **819** дана;

– сотқа / сотқа дейінгі шараларға қатысу – **515** мәрте болды.

Заңгерлік көмек көрсету қызметі Қазақстанның барлық өңірлеріндегі мұқтаж азаматтардың сұранысына ие және басқа да құқықтық бірлестіктері мен жекелеген заңгерлердің ықыласын туғызады. Мұндай көмек атаулы және уақтылы, сондай-ақ ағартушылық тұрғыда өнімді болғаны аса маңызды. Бұл бастама адамдардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасын тиімді қалыптастырудың, ал жалпы алғанда, құқықтық мемлекет негіздерінің жергілікті алаңдарының бірі болуға мүмкіндігі зор.

Ел президентінің сайлауы қарсаңында заң қауымдастығы «Заңгерлер – әділ сайлау үшін» республикалық қоғамдық бірлестігін құруға бірікті.

«Заңгерлер – әділ сайлау үшін» бірлестігінің атауы Қазақстан Республикасы Президентін сайлау процесі барысында алға қойылған мақсаттарды паш етеді. Олар сайлау халықаралық және еуропалық стандарттарға (БҰҰ, Еуропа Кеңесі, ЕО, ТМД және т.б.) сәйкес өтуі үшін барлық күш-жігерін жұмсады.

Заң қоғамдастығының өкілдері – Одақ мүшелері аймақтарда сайлау заңнамасын түсіндіру, сайлау процесінің субъектілеріне кеңес беру және даулы жағдайларды қарауда сайлаушылар мен конституциялық заңнама саласына назар аударған азаматтарды құқықтық ағартуға барынша күш-жігер салуды белсенді түрде жақтады.

Одақ филиалдары әкімдіктердің ішкі саясат бөлімдерімен белсенді өзара іс-қимыл жасады.

Қазақстан Республикасы Заң консультанттар Палаталары қауымдастығының мүшелері 2019 жылғы 1-22 мамыр аралығындағы қысқа мерзім ішінде өңірлерде бірқатар іс-шаралар өткізді:

- БАҚ-та, интернет ресурстарда – *37 мақала жарияланды;*
- жергілікті телеарналарда сөз сөйлеу – *1 телебағдарлама;*
- мемлекеттік органдарда, ұйымдарда, оқу орындарында сайлаушылармен кездесулер – *20 кездесу болды, онда 914 адам қамтылды.*

Қауымдастық белсенділері Президент Қ.К.Тоқаевтың алғыс хатымен марапатталды.

Қазақстан Республикасының Президентіне азаматтардың жаппай өтініш пен шағым жазуына байланысты Президенттің көмекшісі, Президент Әкімшілігінің өтініштерін қарауды бақылау бөлімінің басшысы Аида Ғалымқызы Балаеваның бастамасы бойынша Президент жанындағы виртуалды қабылдау бөлмесі құрылды.

Виртуалды қабылдау бөлмесінің мақсаты – жұртшылықпен бірге азаматтардың мәселелерін ресми қарастыру жолдарындағы іс-қимылды жақсарту. Әр адам виртуалды қабылдауға сауал жіберіп, жауап ала алады. Сараптамалық топ, ең алдымен, келіп түскен өтініштерді мұқият, объективті талдау үшін құрылған. Ол үшін сараптамалық топтың құрамына Одақтың тәуелсіз заңгерлері енгізілді. 2018 жылдың тамыз айынан желтоқсан айына дейін Президент Әкімшілігінің Виртуалды қабылдау бөлмесінде **1269** азамат қабылданды, олардың сауалдары бойынша құқықтық қорытынды берілді. Топ жұмысының нәтижелері Одақ өкілдерінің тиімді қызметін көрсетіп отыр.

«Қазақстан заңгерлер одағы» РҚБ өзінің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі жарғылық қағидатын жүзеге асыра отырып, Парламент Мәжілісінің «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңды талқылау кезеңінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен келісе отырып, жеке іс жүргізуші заңгерлерді біріктіруге белсенді атсалысты.

2018 жылдың наурыз айында Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде 17 (он жеті) «Заң консультанттары палатасы» қоғамдық бірлестігі құрылып, тиісті түрде тіркелді.

Адвокатураға қосымша азаматтарды құқықтық қорғау деңгейін айтарлықтай арттыруға қабілетті, оларға кәсіби заң қызметтерінің неғұрлым кең таңдауын ұсынатын, экономикалық еркін, демократиялық қоғамда бәсекелестік сияқты міндетті орта жасайтын институт пайда болды.

«Қазақстан заңгерлер одағы» РҚБ филиалдары төрағаларының жүргізген жұмысының арқасында қоғамдық бірлестіктерді қысқа мерзімде құру мүмкін болды.

Тәжірибеден өткен заңгерлерді біріктірудің келесі кезеңі «Қазақстан Республикасының заң консультанттары палатасын» құру және тіркеу болды.

Осы мақсатта "Қазақстан заңгерлер одағы" РҚБ **2018 жылғы 13 сәуірде** «Заң кеңесшілер палатасы» өңірлік қоғамдық бірлестіктерінің съезін өткізді.

Съезде «Заң консультанттар палатасы» республикалық қоғамдық бірлестігін құру туралы шешім қабылданды, ол 2018 жылғы 25 мамырда Әділет министрлігінде тиісті мемлекеттік тіркеуден өтті.

Палаталар Жарғысының бірыңғай нысаны бекітілгеннен кейін Қазақстан Республикасы АҚ 45-бабына және палаталар Жарғысына сәйкес қайта құру арқылы палаталарды қайта ұйымдастыру жөніндегі шаралар жүргізілді.

Тәжірибеден өткен заңгерлерді біріктірудің келесі кезеңі «Заң консультанттары палатасы» РҚБ-ны Қазақстан Республикасының заң консультанттары қауымдастығына қайта құру жолымен қайта ұйымдастыру болып табылады.

2018 жылы 16 қарашада «Заң консультанттары палатасының» съезі өтіп, онда «Заң консультанттары палаталарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі ретінде қайта құру туралы шешім қабылданды. Сонымен қатар Қауымдастық съезінде «ҚЗО» РҚБ-ның корпоративтік мүшесі болу туралы және «Nur Otan» партиясымен бірлесіп, осы бастамаға өңірлік Заң консультанттарының палаталарын тарта отырып, елдің барлық өңірлерінде өтеусіз заң көмегінің оң тәжірибесін тарату туралы ұсыныс бірауыздан қабылданды.

«Заң консультанттары палатасы» республикалық қоғамдық бірлестігі «Қазақстан Республикасының заң консультанттары палаталары қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі (бұдан әрі – қауымдастық) болып қайта құрылды және уәкілетті мемлекеттік органда 2019 жылы 11 қаңтарда тіркелді.

Ассоциацияның қалыптасу кезеңі 2019 жыл бойына өте жауапты және маңызды болды.

Қазіргі уақытта қауымдастық құрамында Қазақстан Республикасының орталық қалалары мен облыстарында заң консультанттарының он сегіз палатасы бар, Қауымдастықтағы Заң консультанттарының жалпы саны **2500-**ден (екі мың бес жүз) астам заң консультанттары палаталарының мүшелерін

камтиды. Заң консультанттары палатасынан Қауымдастық құрамына кіру туралы өтініштер келіп түсіп жатқандықтан бұл сан әлі түпкілікті емес, сондай-ақ Қауымдастық мүшелері заң консультанттары палатасының жаңадан қабылданған мүшелерінің тізімін толықтырып отыр.

Қауымдастықтың заң консультанттары палаталары қалалар мен аудандар әкімдіктерімен белсенді ынтымақтасып келеді. Әкімдіктер қауымдастық мүшелеріне Алматы қаласы мен Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан облыстарының қалалары мен алыс аудандарында «Заң консультантының күні», «Құқықтық сауаттылық апталығы» шараларын өткізуді ұйымдастыруға белсенді көмек көрсетуде. Сондай-ақ Қауымдастық Палаталары Zakon.kz порталымен жұмыс істеп келеді және еліміздің барлық өңірлерінде «Халықтық заңгер» шарасына екінші жыл қатарынан белсенді түрде қолдау білдіруде. Қауымдастық белсенділері құрмет грамоталарымен марапатталды.